Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б. 8

ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЛАРДА АЛАПТАР МЕН АУЫСПАЛЫ ЕГІС ТЕРРИТОРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Серікжан Т.С.

Қазіргі кезде қалыптасқан агроқұрылымдарды ішкішаруашылық жерге орналастыру жобаларын жасау жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі алаптар мен ауыспалы егіс территориясын ұйымдастыру болып табылады. Бұрынғы уақытта территорияны ұйымдастыру жерге орналастыру саласындағы жетекші мамандармен мұқият әзірленетін. Бірақ, жерде шаруашылық жүргізудің және жаңа меншік формаларының пайда болуына байланысты алаптар мен ауыспалы егістерді ұйымдастыру теориясы мен әдістемесін жетілдіру қажеттілігі туындады.

Алаптар мен ауыспалы егістерді ұйымдастыру, жалпы өткен жылдардағы егіншілік жүйесі ең маңызды міндет жоғары өнім алу мәселелерін шешумен қатар, топырақ құнарлығын сақтауды және деградацияға ұшыраудың әртүрлі (тұздану, ылғалдану, су эрозиясы және т.с.с.) салдарынан қорғауды, табиғи ландшафтқа тигізетін антропогенді әсерлерді реттестіруді қарастыратын.

Жаңа кезеңде эрозиялық қауіпті агроландшафттар территориясын ғылыми тұрғыдан негізделген, контурлы мелиоративтік ұйымдастыру арқылы ғана ауылшаруашылық өндірісін дамытуға болады. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, топырақ құнарлығын сақатауға және көтеруге, жердің өнімділігін арттыруға және табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті сақтауға бағытталған табиғи және жасанды экожүйенің өзара байланысты үйлесімі агроландшафт деп аталады.

Ал эрозияға қарсы шаралар кешені әзірленіп жерге орналастырылған шаруашылық территориясы эрозиялық қауіпсіз агроландшафттар болып табылатыны белгілі. Өйткені бұл шараларды жүзеге асырған кезде шаруашылықтың кез келген жерінде эрозиялық процестер мүмкін шамадан аспайды және алаптар мен ауылшаруашылық дақылдары шаруашылықтың әрбір учаскесінің табиғи ерекшеліктеріне сәйкес орналастырылады.

Ауданы шағын әртүрлі формадағы агроқұрылымдардың қалыптасуына байланысты жерге орналастыру саласына экология- экономикалық бағыттағы бірқатар міндеттер қойылды. Осыған байланысты негізгі мәселелердің бірі ауданы мен мамандандырылуы, учаскелердің саны, конфигурациясы әртүрлі шаруашылықтар үшін тиімді алаптар мен ауыспалы егістерді ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу болып табылады.

Территорияны контурлы мелиоративтік ұйымдастыру негізінде эрозиялық қауіпсіз агроландшафттарды қалыптастыру принциптері топырақ құнарлығын сақтау және көтеру, алаптардың құрамы мен ара қатынасын негіздеу арқылы жердің әрбір учаскесін тиімді пайдалану, жоғары және тұрақты өнім алу, топырақты деградацияланудан қорғау және т.б. мәселелерді шешуді қарастырады.

Ғылыми жетекші э.ғ.к., доцент Т.Е.Карбозов